

Тұлға қасиеттері мен **түрлері**

Орындаған: Амангелді Ақнұр

Тексерген: Омарова Динара

Жоспар

- ▶ Кіріспе
- ▶ Негізгі бөлім
- ▶ 1. Тұлға құрылымы ғалымдардың пікірімен...
- ▶ 2. Тұлғаның мінезі, қабілеттіктері және темпераменті
- ▶ Қорытынды
- ▶ Пайдаланылған әдебиеттер

Тұлға

Тұлға — жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым.

Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым-қатынас орнату арқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің жемісі.



Тұлға құрылымы

Тұлға құрылымы дегеніміз, тұлғаның даралық-психологиялық, дүниетанымдық, әлеуметтік-психологиялық қырларының жиыны. Алайда, әрбір персонолог тұлға құрылымын түрліше сипаттайды, ал бұл олардың методологиялық бағытын көрсетеді.

Психология ғылымы жеке адамды зерттеуде, көмек көрсетуде белгілі бір методологияға сүйенеді. Себебі, психология көп мәнді ғылым болғандықтан әр ғалым өзінің ғылыми позициясына байланысты тұлға құрылымына түсінік береді.

Тұлға құрылымы биологиялық және әлеуметтік қатынастар арқылы қарастылырады, сондықтан психологияда тұлғаның эндопсихологиялық және экзопсихологиялық құрылымдардан жинақталған деген идея пайда болған. Эндопсихологиялық – тұлғаның ішкі механизмі (ойлау, есте сақтау т.б.); Экзопсихологиялық – адамның қатынастар жүйесі, әлеуметтік фактор (мотивация, сезім, білімі, қызығу т.б.).



Рубинштейн бойынша тұлға құрылымының жіктелуі

- Рубинштейн тұлғаның психологиялық бейнесінің 3 қырын көрсетеді:
 1. Тұлғаға не керек? Ол неге ұмтылады? – Бұл бағыттылық, ұстаным, қажеттіліктер, қызығушылықтар, идеалдар.
 2. Тұлға не істей алады? Бұл – қабілеттіліктер, дарындылықтар, таланттар.
 3. Тұлға дегеніміз не? Бұл – мінез.

Сонымен, Рубинштейн бойынша тұлға құрылымына енетіні – бағыттылық, мінез, қабілеттілік.

Мясищев, Мерлин, Ананьев бұл тізімге тұлғаның психофизиологиялық негізі ретінде темпераментті тіркейді.

Айзенк бойынша тұлға мінез, темперамент, интеллект, адамның дене бітімінен құралған.

Кеттел тұлғаны факторлы талдауды ұсына отырып, өз тұжырымдамасында тұлға құрылымын – 3 қасиеттер тобымен сипаттайды, ол темпераментті қасиеттер – қабілеттіліктер, өзгермелі қасиеттер, бағыттылық пен қызығушылықтарды біріктірген мотивациялық мінез-құлық.

Петровский бойынша тұлға құрылымының жіктелуі

- ▶ Петровский тұлғаның 3 құрылым компонентін көрсетеді:
 - ❖ 1. интроиндивидті компонент – темперамент, мінез, қабілет.
 - ❖ 2. интероиндивид - өзара қатынас, өзара әрекеттестік нәтижесіндегі сапа, қасиеттер.
 - ❖ 3. метоиндивидті – субъектінің басқа индивид бойында жалғасуы (персонализация).
- ▶ Божович – бағыт-бағдара арқылы тұлға тұтас.
- ▶ А.Г.Ковалев – тұлға дамуы – жеке қасиеттерінің интеграциясы, ол темперамент, қабілет, бағыт-бағдар.



Мінез – даралықтың негізгі құраушы бөлігі.

- Жеке тұлғаның құрылымының бір бөлігі мінез болып табылады немесе әлеуметтік ортадағы адамның стилі. Мінез күрделі синтетикалық құрылым, ол адамның рухани өмірінде мазмұн мен түр бірлігінде аңғарылады.
- Мінез жеке тұлғаны тұтас көрсете алмағанымен, оның қасиеттерінің, бағыттылығы мен ерік-жігерінің, интеллектуалдық және эмоциялық сапаларының, темпераментте байқалатын типологиялық ерекшеліктерінің күрделі жүйесін білдіреді.

ҚАБІЛЕТТІЛІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

- ▶ Бір немесе бірнеше іс-әрекеттің түрін ойдағыдай орындаудың шарты болып табылатын жеке тұлғаның дара психологиялық қасиетін қабілеттіліктер деп айтамыз.
- ▶ Қабілеттіліктер әруақытта да белгілі бір іс-әрекетті орындау тұрғысынан қарастырылады.



Темперамент -

- ▶ Темперамент дегеніміз психикалық үрдістер мен мінез-құлықтың жүру қарқынын анықтайтын адамның дара ерекшеліктері.
- ▶ Темперамент адамның іс-әрекетінде, мінез-құлқында және қылықтарында аңғарылады және сыртқы пішінінен байқалады.

Темперамент типтері

Типы темперамента

Холерик



Сангвиник



Флегматик



Меланхолик



MyShared

Холерик

- ▶ Бұл темперамент өкілі тездігімен, шапшаңдығымен, ұстамсыздығымен, тым қозғалғыштығымен ерекшеленеді.
- ▶ Оларда психикалық процестер шапшаң өтеді. Күйгелектік сондай адамдарға тән.
- ▶ Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, күші таусылғанда оны тастап кете береді.
- ▶ Адамдармен қарым-қатынаста тынымсыз, агрессивті, шамданғыш болып келеді.



Флегматик

- ▶ Бұл типтің өкілі баяу, байсалды, асықпайды. Істі ойланyp, төзімділікпен істейді. Жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнатады. Өзгерістерді ұнатпайды.
- ▶ Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді. Психикалық процесстер флегматикте баяу жүреді. Бұл баяулық оған оқу жолында кедергі келтіреді, ең кедергі келтіретін жері: тез есте сақтау, тез ойланyp жауап беру.
- ▶ Кейде флегматиктер жамандықты есте сақтап қалады және ұзақ мерзімге.



Меланхолик

- ▶ Бұл темперамент өкілінде психикалық процесстер өте баяу жүреді. Қатты тітіркендіргіштерге жауап бере алмайды, ұзақ және қатты күш түсірсе, олар жұмыс істей алмайды. Олар өте тез шаршайды.
- ▶ Бірақ қалыпты қоршаған ортада, мысалы, үйде ондай балалар өздерін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Эмоциялары баяу туады, бірақ тереңдігімен және күштілігімен ерекшеленеді. Олар өте сезімтал, реніштерін іште сақтап, оларды көп ойлай береді, бірақ сондай қиыншылықтар бар екенін ешкімге көрсетпейді. Меланхоликтер тұйық, таныс емес адамдармен сөйлеспейді, жана ортада қатты қысылады.



Сангвиник

- ▶ Бұл тип өкілі- еті тірі, қабілетті, қозғалғыш оқушы. Ондай оқушы ақкөңіл және қызу, жеңіл мінезді, ренжігенде тез қайтып кетеді, сәтсіздігін жеңіл өткізеді.
- ▶ Коллектив арасында жүргенді ұнатады, басқа оқушылармен тез тіл табысады. Қысылып- қымтырылмайды, кісіге қайырымды. Сангвиниктерді оқу үрдісінде бақылаған жақсы, яғни оқу үстінде олар қасиеттерін айқын көрсетеді.
- ▶ Егер оқу материалы қызықты және жас ерекшелігіне сай болса, онда кіші оқушы жана берілген материалды тез қабылдайды, жеңіл есте сақтайды.



Қорытынды

Кез-келген кұбылыс сияқты жеке тұлғаның психикалық өмірі белгілі кұрылымнан тұрады. Тұлға кұрылымы бағыттылық, мінез, қабілеттілік, темперамент және т.б. компоненттерден тұрады. Егер адам осы компоненттер арқылы өзінің тұлғалық кұрылымын қалыптастыра білсе, онда осы адамды толық қалыптасқан тұлға деп айта аламыз.